

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті Төрағасының 2008 жылғы 21 наурыздағы № 156-П бұйрығының күші жойылды " Соттардың және атқару өндірісі органдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті Төрағасының 2010 жылғы 18 қазандағы № 01-01-31/389 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін де, кірмейтін де орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті өкілді органдарының актілерін мемлекеттік тіркеудің тәртібіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының соттарынан және атқару өндірісі органдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті Төрағасының 2008 жылғы 21 наурыздағы № 156-П бұйрығының № 5195 тіркелген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға м.а.

Б. Өнербаев